

Күн тәртiбi	Дүйсенбi	Сейсенбi	Сәрсенбi	Бейсенбi	Жұма
Балаларды қабылдау, көңiл күйлерiн сұрау Ата-аналармен амандасу. Әңгiмелесу: «Күз» Мақсаты: табиғат құбылыстары туралы түсiнiктерiн кеңейту. Суреттер бойынша әңгiме құрастыру Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем шашу Ойындар (үстел үстi, саусақ және т.б.)	Балаларды қабылдау, көңiл күйлерiн сұрау Ата-аналармен амандасу. Әңгiмелесу: «Күз» Мақсаты: табиғат құбылыстары туралы түсiнiктерiн кеңейту. Суреттер бойынша әңгiме құрастыру Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем шашу	Алтын күздің ерекшелiктерi туралы әңгiмелеу. Суреттер бойынша әңгiме құрастыру. «Түрлi-түстi жолақтар» Ойынның мақсаты: түстердi атауға, салыстыруға жаттықтыру; берiлген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Еңбек тапсырмасы: Зерттеу бұрышын жинау	Күз мезгiлiне байланысты мақал - мәтелдер мен жұмбақ жасыру. «Танып ал да, атын ата» Ойынның мақсаты: заттың түр-түсiн, пішiнiн, атын атауға жаттықтыру. Еңбек тапсырмасы: Денсаулық бұрышын жинастыру, шандарын сүрту	«Жемiс-жидектер» Балалармен күз байлықтары туралы әңгiмелесу «Даналық ағашы» ойыны. Сұрақтарға жауап беру арқылы алмаларды себетке жинау.	«Күзгi орман» фотосуреттердi қарастыру. Күз мезгiлiнiң кереметiн байқауға баулу. Күзгi бақтағы еңбек туралы әңгiмелеу. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу, кептiру
<b>Жаттығулар кешенi №1</b>					
Ойындар (ҰОҚ)	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметiн ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Д/о: «Дорбада не бар екен?» Шарты: Көкөнiстер мен жемiстер туралы түсiнiктерiн нақтылау	Д/о: Сен жасыр, бiз табамыз» Шарты: балалар көзiн жұмып отырады. Бiр ойыншы шығып жемiс, көкөнiстердiң муляждары салынған табактан бiреуiн алып, артына жасырады. Ойыншы сол жемiстi,	«Не жегенiндi тап!» Тәрбиешi табакқа жемiстердi турап қойып, балаларға дәмiн татуға бередi, алдын-ала көздерiн жауып қойып.	Д/о: «Жыл ағашы» Шарты: Ағаштың әр мезгiлдерге сай ерекшiлiктерiн атай отырып, бұтағын салыстыра отырып, дұрыс ауыстыру.	Д/о: «Көкөнiстер мен жемiстердi жина» Ойынның шарты: араласып кеткен көкөнiстер мен жемiстердi айырып, екi себетке бөлiп салу, аттарын атау



		көкөністің атын айтпай сипаттайды.	Енді, не жегенінді айтып, себеттен тауып берші.		
<p><b>Кесте бойынша ҰОҚ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> Менің атам.  <b>Мақсаты:</b> Суретке қарап, әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту.  <b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b>          Педагог балаларға оқылатын өлең жолдарынан отбасы мүшелерін естеріне сақтап, аты аталғанда саусақтарын бүгіп, неше отбасы мүшесі аталғанын айту туралы тапсырма береді.  <b>2. Негізгі кезең</b>          Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды.          – Өлеңнің атадан басталуы бекер емес. Өйткені ата беделі әкеден де жоғары. Өйткені атаның өмірлік тәжірибесі мол, ол – әулеттің тірегі.          – Кімнің үйінде атасы, әжесі бар?          – Қазақ отбасында ата мен әженің маңызы зор. Әрқашанда отбасындағы шешуші сөз –</p>	<p><b>1. ҚМҰҚ</b>  <b>Тақырыбы:</b> 5 және 6 сандары және цифрлары.  <b>Мақсаты:</b> 5 және 6 сандарының құрылуымен және 5 және 6 цифрларымен таныстыру.  <b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b>          Шаттық шеңбер  <b>2. Негізгі кезең:</b>          1-тапсырма. Неше моншақ бейнеленгенін санаймыз. Бұл сан 5 цифрымен белгіленеді. 5 цифрын табамыз. Педагог тақтада, ал балалар үстелдерде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады. Енді неше моншақ болғанын қайта санаймыз (алты).          2-тапсырма. 6 моншақты бастырып сызындар және оларды бояндар. 5,6 цифрларын</p>	<p><b>1. Сауат ашу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Р» дыбысы.  <b>Мақсаты:</b> «Р» дыбысымен таныстыру  <b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b>          – Кәне, балалар, бүгін бәріміз бірге қырманға көмекке барамыз. Сендер ол жерден көптеген дәнді дақылдар түрлерін көресіндер. Қырманда астық тау болып үйіліп жатады. Ол біздің диқан ағаларымыздың ерен еңбектері екенін білуіміз керек.  <b>2. Негізгі кезең:</b>          – Міне, қырман. Қырман – астық бастыратын, тазалайтын ашық алаң.</p>	<p><b>1. Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?  <b>Мақсаттары:</b> а) Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. ә) Жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері. б) Себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту  <b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b>          Педагог балалардың жұмыс істеуіне қолайлы эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру мақсатында жұмбақ жасырады.  <i>Сылдырдан қорқады,          Шошынып жортады.          (Қоян)          Үстінен тоны түспеген,          Сонда да араз қыспенен.          (Аю)</i>  <b>2. Негізгі кезең</b>          Балаларға әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне бүгінгі ауа райын белгілеуді ұсынады.</p>	<p><b>1. Сауат ашу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Р» дыбысы.  <b>Мақсаты:</b> «Р» дыбысымен таныстыру  <b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b>          – Кәне, балалар, бүгін бәріміз бірге қырманға көмекке барамыз. Сендер ол жерден көптеген дәнді дақылдар түрлерін көресіндер. Қырманда астық тау болып үйіліп жатады. Ол біздің диқан ағаларымыздың ерен еңбектері екенін білуіміз керек.  <b>2. Негізгі кезең:</b>          – Міне, қырман. Қырман – астық бастыратын, тазалайтын ашық алаң.          – Балалар, сендер не көріп тұрсындар?          – Иә, бұл – егіс алқабынан жиналып алынған дақылдар.          – Мынау – арпа, тары, жүгері, күріш, бидай.</p>



<p>атанікі. Үйлерінде әкелерінің өздері аталарының айтқанын екі етпей орындайды. Солай емес пе? Аталарымыз өз отбасы мен әулетінің ғана емес, ағайын-туыстың да мәселелерін шешіп, ақыл-кеңесін беріп отырады.</p> <p>Әулет ағайын екенін түсіндіреді.</p> <p>Педагог тақтаға атаның суретін іліп, әркім өз аталарына ұқсайтын жерлерін айтып немесе атасының ерекшелігін, ерекше қасиетін айтып әңгіме құрауларын сұрайды.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b></p> <p><b>«Отбасы мүшелерін ата»</b></p> <p>Ойын шарты: жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады.</p> <p>Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі.</p> <p>Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады.</p> <p>– «Сәлем – сөздің анасы» демекші М.</p>	<p>ауада жазамыз. Енді аяқпен еденге жазамыз.</p> <p>3 тапсырма. Саусақтарыңмен сызық бойымен жүргізіндер.</p> <p>Цифрларды ермексаздан жасаңдар.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p><i>5 рет секір, 6 рет қол соқ, әрбір аяқпен 5 рет еденді топылдап, көршіңмен 6 рет қолдарыңды соғыңдар.</i></p> <p>Цифрды, санды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру (айқармадан желімделген текше).</p> <p>Педагог 1 – 6 зат бейнеленген кез келген суреттерді көрсетіп, текшенің қажетті тұсын және кесетін материалдан жасалған карточкада цифрды көрсетуді сұрайды.</p> <p>Одан кейін 4-тапсырманы орындауды – 5 және 6 цифрларын тауып, бояуды сұрайды.</p> <p>5-тапсырма. Вагондар саны 5 және 6 болуы</p>	<p>– Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар?</p> <p>– Иә, бұл – егіс алқабынан жиналып алынған дақылдар.</p> <p>– Мынау – арпа, тары, жүгері, күріш, бидай.</p> <p>– Бұл дақылдар бізге оңай келе салмайды. Көп еңбекті қажет етеді. Егін бітік шықса, нан түрлері көп болады.</p> <p>Бүгін біз «арпа», «күріш», «жүгері» сөздерінде кездесіп тұрған «Р» дыбысымен танысамыз.</p> <p>– Біз дыбысты естиміз. Кәне, қолайнаға қарап, бірге «Р-р-р-р-р», – деп айтып көрейік.</p> <p>Мысалы: <i>Ит «Р-р-р-р-р», – деп ырылдайды.</i></p> <p><b>«Р» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынадай:</b> Ерін сәл</p>	<p>Әліппе-дәптердегі тапсырмалардың көмегімен балаларды мәселені іздеуге, шешуге жұмылдыру: суреттерді қарап шығып, сұрақтарға жауап берулерін сұрайды.</p> <p><b>Өзекті мәселе:</b> жабайы жануарлар немен қоректенеді? Қандай жануарды жыртқыш дейміз? Қай аң шөппен қоректенеді?</p> <p><b>«Объективті деректер бойынша бөлу»</b></p> <p>техникасының көмегімен балаларды топтарға бөледі.</p> <p>Бір топқа жеке басына қатысты ерекшеліктеріне қарай топтасады (ақ құба, қараторы, сары балалар; қой көзділер, көк көздер, көзінің түсі жасылдар; бойына қарай; белгілі бір жұмысқа – сурет салуға, құрылысқа, балықтарға күтім жасауға, биге және өлең айтуға қызығушылықтарына қарай).</p> <p>Педагог балаларға тапсырманы <b>«ВЕНН</b></p>	<p>– Бұл дақылдар бізге оңай келе салмайды. Көп еңбекті қажет етеді. Егін бітік шықса, нан түрлері көп болады.</p> <p>Бүгін біз «арпа», «күріш», «жүгері» сөздерінде кездесіп тұрған «Р» дыбысымен танысамыз.</p> <p>– Біз дыбысты естиміз. Кәне, қолайнаға қарап, бірге «Р-р-р-р-р», – деп айтып көрейік.</p> <p>Мысалы: <i>Ит «Р-р-р-р-р», – деп ырылдайды.</i></p> <p><b>«Р» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынадай:</b> Ерін сәл ашылып, тілдің екі жағы жалпақтана жоғары көтеріліп, дем қарқынды түрде тіл ұшынан шыққанда «Р» дыбысы жасалады. «Р» – дауыссыз дыбыс.</p> <p>– Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? «Р» дыбысы бар сөздерді айтқызу.</p>
---	--	---	---	---



<p>Жаманбалиновтың «Көрші атам» атты өлең жолдарын оқып берейін.</p> <p><b>3. Қорытынды бөлім.</b></p> <p><b>Рефлексия</b> – Аталардың, әкелердің тәрбиесін көрген бала ешқашан амандасуды, қол алуды ұмытпайды. Бұны сендер де естеріңнен шығармандар</p> <p><b>2. Музыка</b></p> <p><b>3. Русский язык</b></p> <p><b>Тема:</b> «Что нам осень принесла?»</p> <p><b>Цель:</b> обучение умению называть признаки времени года осень.</p> <p><b>1. Организационный момент</b></p> <p>Предлагает собраться в круг и поприветствовать друг друга:</p> <p>Собрались все дети в круг. <i>Я – твой друг и ты – мой друг! Дружно за руки возьмемся</i> <i>И друг другу улыбнемся.</i></p> <p>Дети встают в круг, повторяют слова и движения за педагогом</p> <p><b>2. Основная часть</b></p> <p>Педагог предлагает</p>	<p>үшін тағы да вагондарды жапсыруды ұсынады.</p> <p>Заттарды санайды. 5 цифрын тауып, талдайды.</p> <p>Педагогтің нұсқауы бойынша моншақтармен іс-әрекет жасайды. Тапсырманы орындайды.</p> <p>Цифрды ауада, аяқпен еденде, саусақтарымен үстінен жүргізеді және ермексаздан жасайды.</p> <p>Педагогтің нұсқауына сәйкес қимылдар жасайды.</p> <p>Нүктелерден құрылған санның моделін және қажетті цифрды көрсетіп, текшемен жұмыс жасайды.</p> <p>Дәптерден 4,5-тапсырманы орындайды.</p> <p><b>Рефлексия</b></p> <p>Оқу қызметінде қорытындылайды және балаларды дұрыс орындаған тапсырмалары үшін мадақтайды. Кері</p>	<p>ашылып, тілдің екі жағы жалпақтана жоғары көтеріліп, дем қарқынды түрде тіл ұшынан шыққанда «Р» дыбысы жасалады. «Р» – дауыссыз дыбыс.</p> <p>– Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? «Р» дыбысы бар сөздерді айтқызу.</p> <p>– Ара, гүл, балдың суреттерін іліп, осы суреттерді қатыстырып, бір сөйлем құрайық (егіс даласы, арпаның суретін іліп қояды).</p> <p>– Міне, сендер көргендеріңнің бәрін қысқаша сөйлем етіп жеткіздіңдер.</p> <p>– «Ара», «арпа» сөздерінде «Р» дыбысы қай жерде кездесіп тұр?</p> <p>– Осы сөздерге дыбыстық талдау жасайық.</p>	<p><b>ДИАГРАММАСЫ»техникасының көмегімен орындауды ұсынады: «Сен жануарлар туралы не білесің?»дид ойыны.</b></p> <p>Тапсырманы түсіндіреді: Сиыр мен қасқырдың арасында айырмашылықтар да, ұқсастықтар да бар. Қызыл бұрышқа қасқырдың тіршілігіне қатысы бар карточкаларды қойып, сөздерді жазыңдар (орман, тырнақтар, қасқырдың аузы, азу тіс, жыртқыш). Ал жасыл бұрышқа – сиырдың тіршілігіне қатысы барларын жазыңдар (пішен, шөп, сүт, ет, мүйіз, құйрық, бұзау, му- му...). Сары секторға жануарларға тән ортақ белгілерді жазыңдар (мәселен, жүн қаптаған). 5 минут уақыт беріледі. Топтасып/шағын топпен жұмыс істеу.</p> <p><b>Диagramманы балалар өз бетінше толтырады.</b></p>	<p>– Ара, гүл, балдың суреттерін іліп, осы суреттерді қатыстырып, бір сөйлем құрайық (егіс даласы, арпаның суретін іліп қояды).</p> <p>– Міне, сендер көргендеріңнің бәрін қысқаша сөйлем етіп жеткіздіңдер.</p> <p>– «Ара», «арпа» сөздерінде «Р» дыбысы қай жерде кездесіп тұр?</p> <p>– Осы сөздерге дыбыстық талдау жасайық.</p> <p>– «Ара» сөзінде неше дыбыс бар?</p> <p>– Неше буыннан тұрады?</p> <p>– Дыбыстардың дауыссыз не дауысты дыбыс екенін ажыратайық.</p> <p>– «Арпа» сөзінде неше дыбыс бар?</p> <p>– Неше буыннан тұрады?</p> <p>– Дыбыстарға талдау жасайық.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>– Қай сөздерде «Р» дыбысы кездеседі?</p>
---	--	---	--	--



<p>проговорить чистоговорки, напоминает, что проговаривать надо медленно, четко проговаривая каждый звук.</p> <p><b>Фонетическая зарядка «Ветер и листочки»</b></p> <p>–Как маленький ветер свистит?</p> <p>–Как большой ветер свистит? С ветром играют листочки.</p> <p>Они начинают шелестеть. Вот так: «Ш–ш–ш» Дети повторяют, стараются правильно произносить звуки. Тихо: «С–с–с». Громко: «С–с–с»</p> <p><b>И/Р/У: «Называй-ка»:</b></p> <p>Дети встают в круг. Педагог бросает мяч, называет игрушки на родном языке. Дети слушают, ловят мяч, называют слова на русском языке, возвращают мяч педагогу.</p> <p><b>Работа в азбуке-тетради</b></p> <p>Задание №1</p> <p>Рассмотри картинку. Назови время года. Расскажи о признаках осени.</p>	<p>тәртіпте санай отырып, ертегі кейіпкерлерін шығарып салуды ұсынады. Алтыншы, бесінші, төртінші, ... кейіпкерлер үйлеріне кетеді.</p> <p><b>2. Құрастыру</b></p> <p>Тақырыбы: <b>Жәндіктер (кепкен жапырақтармен жұмыс).</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру, олардан әртүрлі ұсақ заттар дайындай білуге үйрету. Табиғи материалдармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b></p> <p>Педагог жәндіктерге арналған жұмбақтарды жасырады.</p> <p><i>Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады.</i></p> <p><b>(Көбелек )</b></p> <p><i>Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай.</i></p> <p><b>( Құмырсқа )</b></p> <p><i>Үстіндегі көйлегі</i></p>	<p>– «Ара» сөзінде неше дыбыс бар?</p> <p>– Неше буыннан тұрады?</p> <p>– Дыбыстардың дауыссыз не дауысты дыбыс екенін ажыратайық.</p> <p>– «Арпа» сөзінде неше дыбыс бар?</p> <p>– Неше буыннан тұрады?</p> <p>– Дыбыстарға талдау жасайық.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>– Қай сөздерде «Р» дыбысы кездеседі? «Дыбыстарды танып ал» дидактикалық ойынын ойнатуға болады.</p> <p>Ойын шарты: жануарлар мен дақылдардың қима суретін араластырып қояды. Таңдап алған суретте «Р» дыбысы бар не жоқ екенін айтып береді.</p> <p><b>Жұмыс дәптермен жұмыс:</b> дәптердегі №11 тапсырма</p>	<p><i>Топтасып жұмыс істейді.</i></p> <p>Сұрақтардың көмегімен дұрыс ақпаратты анықтайды: Қандай дыбыстар шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі?</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Көңілді орманда қояндар ерте тұрды (<i>бір орында тұрып секіру</i>)</p> <p>Ытқып-ытқып секірді (<i>бір орында тұрып жүреді</i>)</p> <p>Түлкі келеді қылмындап (<i>қолын алға созып алға қарай тартылу</i>),</p> <p>Мыршайы жүр жылмандап (<i>бір орында тұрып секіру</i>).</p> <p>Көжектер де жүгірді (<i>бір орында тұрып жүгіру</i>),</p> <p>Аш түлкіден қаш-қаш (<i>қолын алға созып алға қарай тартылу</i>),</p> <p>Құтыларсың болсаң сақ (<i>терең дем алады, демін сыртқа шығарады</i>).</p> <p>Қояндар тынығады (<i>отырып, тынығамыз</i>).</p> <p>«Кім адасты?» ойынын ойнайды.</p> <p><b>3. Қорытынды кезең (рефлексия)</b></p>	<p>«Дыбыстарды танып ал» дидактикалық ойынын ойнатуға болады.</p> <p>Ойын шарты: жануарлар мен дақылдардың қима суретін араластырып қояды. Таңдап алған суретте «Р» дыбысы бар не жоқ екенін айтып береді.</p> <p><b>Жұмыс дәптермен жұмыс:</b> дәптердегі №11 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.</p> <p><b>3. Рефлексия.</b></p> <p>Педагог қорытынды жасайды.</p> <p>– Бүгінгі сабақта қандай тапсырма қызықты болды?</p> <p><b>2. Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Шаруа мен аю</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге</p>
---	---	--	--	---



Педагог по картинке составляет предложения: *қазір күз – сейчас осень, күн салқын – день прохладный, жаңбыр жауады – идет дождь, жел соғады – дует ветер, жапырақтар сарғаяды – листья желтеют.*

Педагог просит назвать осенние месяцы на родном языке.

**Билингвальный компонент:** қыркүйек – сентябрь, қазан – октябрь, қараша – ноябрь.

Дети повторяют названия месяцев.

**Р/Игра «Назови осенние слова»**

Педагог путает детей, подсказывая зимние и летние слова. За правильный ответ дает детям фишки.

Дети вспоминают, называют: осень, листья желтые, листопад, дождь. В конце игры считают фишки, определяют победителя.

**Физминутка «Листочки»**  
*Мы листики осенние,*

*Түрлі-түсті не керек,  
Қызықтырар көргенді.  
Мұның аты...*

**(Көбелек)**

**Негізгі кезең**

Жапырақтардан жасалған үлгіні көрсетіп талдау жасау және балалармен не жасағысы келетінін таңдау; жапырақтарды өзі жасайтын бейнелерге сәйкес таңдап алады.

**Орындалу реті:**

-алдымен көбелектің екі қанатын орналастырады;  
-төменгі қанатын кіші жапырақтардан орналастырамыз;  
-ортасына ұзынша жапырақты қойып денесін және мұрттарын жасаймыз.

Жапырақтарды бір-біріне желіммен немес ермексазбен бекіту жолдарын көрсетеді. Осы тәсілмен инеліктің жасалу жолдары түсіндіріледі. Инеліктің қанатын жасауға жұқа,

орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды.

– Бүгінгі сабақта қандай тапсырма қызықты болды?

**2. Музыка**

мұғалімінің жоспары бойынша

**3.ӨӨТ**

**Тақырып:** Менің тәрбиешім

**Мақсаты:** Балаларға тәрбиеші туралы білім беріп, ақиқат құндылығының мәнін ашу.

**Ұйымдастыру кезеңі**

5 «Т». -Тәртіп -  
Талап -Тазалық  
-Тыныштық -  
Татулық

Ө.Тұрманжановтың «Кел, балалар, күлейік» өлеңі  
Кел, балалар, күлейік,  
Күлкіменен түлейік.

Сабақты қорытады, балаларды ынталандырады. Балаларды «**Қарым-қатынас алауы**» рефлексивтік жаттығуларын жасауға шақырады. Бір-бірін иықтарынан ұстап, шеңбер құрып тұрады.

**2.Мүсіндеу**

**Тақырыбы:** Жаңғақ кемірген тиін.

**Мақсаты:** тиіннің тіршілік ортасы туралы түсінік беру; мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып тиіннің пішінін келтіру.

**Ұйымдастыру кезеңі.**

Шаттық шеңбері.

**2. Негізгі кезең**

Даусынан таны» ойыны. DVD дисктен андардың даусы, ағаштың, шөптің сыбдырлағаны, құстардың сайрағаны, тиіннің ағаштан ағашқа секіргені, жыланның ысылы естіледі. -Ол не балалар?

Өте жақсы, балалар. Мына өлеңді бірге қайталап айтайық.

*Мен тиінмін, тиінмін,  
Қысқа жылы киіндім.  
Қоймам толы жаңғаққа,*

дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.

**1. Ұйымдастыру кезеңі**

**Шаттық шеңбері**

**2. Негізгі кезең**

Педагог балаларға **жұмбақ** жасырады: Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үнгірді, Іздемейді тасаны. Ол не? (Аю)

- Балалар, бүгін «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.

Балаларға ертегіні толық оқып, мазмұнын түсіндіру.

- Қызылша жердің астында жатады, жапырақтары жердің бетіне шығады.



<p><i>На ветках мы сидим. Дунул ветер – полетели. Мы летели, мы летели И на землю тихо сели. Ветер снова набежал И листочки все поднял. Закружились – полетели И на землю тихо сели.</i></p> <p>Дети повторяют слова и выполняют движения за педагогом. Педагог предлагает послушать и запомнить стихотворение: «Наш сад» У. Рашид.</p> <p><b>Работа в азбуке-тетради</b> Задание №2. Найди и соедини одинаковые листочки. Раскрась их. Дети выполняют задание в азбуке-тетради.</p> <p><b>.Рефлексия</b> Педагог подводит итог, поощряет детей. Рефлексивный круг «Расскажи, какое задание было интересным для тебя». Дети делятся впечатлениями.</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Дене қабілеттерін дамыту» <b>Мақсаты:</b> а) Беті сүргіленген бөрененің</p>	<p>ұзынша жапырақтар таңдалады. Балаларға таңдауға мүмкіндік беріп, кепкен жапырақтарды көп мөлшерде ұсыну олардың шығармашылықпен әрекет етуіне жағдай жасайды. Табиғи материалдармен өте мұқият, ұқыптылықпен жұмыс жасау қажеттілігі ескертіледі.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p><b>3. Рефлексия.</b> Педагог дайын жұмыстарды тақтаға іліп, балалар өздеріне ұнаған жұмысты бағалайды, балалардың еңбегі бағаланып, мадақталады.</p> <p><b>3.Сурет</b> <b>Тақырыбы:</b> Жаңбырлы күн <b>Мақсаты:</b> балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей</p>	<p>Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік. Кел,балалар күлейік. Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! <b>«Тыныс алу» жаттығуы.</b> Ыңғайландырып отырғызу. Көздерін жұмғызу. <b>Негізгі кезең</b> Өлең «Жақсы адам боп шығамыз» О.Асқар №6 51 бет. Қ.:мектепте сендерге ең жақын адам кім? Тәрбиеші апайларды қалай жақсы көресіңдер? Сендер тәрбиеші апай болсаңдар, қандай болар едіңдер, яғни балаларға қалай болар едіңдер? <b>«Шын білім-әрдайым ақиқат, анық болатын білім»</b> Әбу Насыр Әл-Фараби (ұлы ойшыл)</p>	<p><i>Іші жылы үйімнің.</i> Педагог тиіннің суретін көрсетеді. – Тиіннің түсі қандай? – Құйрығы қандай? – Қанша аяғы бар екен? – Құлағы, көзі қанша? Енді,осы тиіннің мүсінін жасайық. <i>Тиінді жасау жолы:</i> 1. Ең алдымен ермексаздың бір бөлшегін алақанға салып,жұмсартып сопақша пішін жасаймыз. Бұл– денесі болады. 2. Кішкене бөлшекті алып, домалақтап басын орналастырамыз.Шымшу арқылы екі құлағын, мұрнын шығарамыз. 3. Төрт кішкене бөлшекті есіп, аяқ-қолын жасаймыз.Оны тиіннің денесіне біріктіреміз. 4. Құйрығын жасау үшін бір бөлшек ермексазды есіп, денесінің артқы жағына орналастырамыз. 5. Мұрны мен көзінің орнына ұсақ қара моншақтарды орналастырамыз.</p>	<p>Ал бидайдың дәні масақта болады. Сабағын жемейді. Бидайдан нан түрлері дайындалады.</p> <p><b>Сұрақ-жауап</b> - <i>Ертегі қалай аталады?</i> - <i>Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?</i> - <i>Шаруаға не келді?</i> - <i>Аю шаруаны қалай қорқытты?</i> - <i>Олар неге келісті?</i> - <i>Шаруа не екті?</i> - <i>Аюға қай жағын берді?</i> - <i>Келесі жылы шаруа не екті?</i> - <i>Аю нені білмеді?</i></p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен қайталау. - <i>Шаруа бірінші не екті?</i> - <i>Қалай екті?</i> (Қимылмен көрсетеді) - <i>Аю қалай келді?</i> (Қимылмен көрсетеді) - <i>Келесі жылы шаруа не екті?</i></p>
--	--	--	---	---



үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің ақауларының алдын алу. ә) Жүгіріп келіп, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп екпінмен биіктікке секіруді бекіту. б) Кеңістікті бағдарлау, күштілікті дамыту. Спортқа құлшынысын жалғастыру.

### 1. Ұйымдастыру кезеңі

Белгілі бір ерекше қасиеттері бар жануарлардың суретін көрсету (жүйрік, мықты, төзімді, ауыр көтергіш, қырағы т.б.).

Жаттығуларды қасиеттеріне қарай саралайды.

Өз қасиеттерін дамыту ұсынылады.

### 2. Негізгі кезең

1. Бір-бірден тізбекке, қатарға тұру.

Бір-бірден тізені жоғары көтере отырып, тізбекке тұру.

Екі қатарға қайта сап түзеу. Алаңқайдың бір жағынан

білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру.

### 1. Ұйымдастыру кезеңі

Губкамен жұмыс жасауға, яғни бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді.

Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындап, қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын көрсетеді.

### 2. Негізгі кезең

Педагог:  
– Менің жұмбағымның шешуін тауып көріңдер.

*Тырс-тырс тамады,  
Тереземді қағады.  
(Жаңбыр).*

– Бүгін күн қандай?  
Ашық па? Бұлтты ма?  
Жаңбыр жауып тұр ма?

Ақиқат деген сөзді қалай түсіндіңдер?  
«Әке мен бала»  
әңгімесі бойынша  
мультфильмі.

Ы. Алтынсарин.

(Ы. А. тұңғыш педагог, ағартушы).

М.: Бір адам он жасар баласын ертіп, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп не деп айтты? Әкесі тиынға не сатып алды? Қандай өсиет айтты? Қалай ойлайсындар, бұл ақиқат па?

Балаларға ақ парақтарға өз алақандарын бастырып, қалдыруды ұсыну.

(Ұжымдық жұмыс).  
Ойын: «Интервью» (сұхбат) Сұрақтар қойғызу.

Қорытынды  
. Рефлексия

«Бала, бала, баламыз»  
Е. Өтетілеуұлы өлеңі.  
Бүгінгі сабақтан алған жақсы сөздерді, ойларды

Енді, тиінге жаңғақ сыйлайық. Тиіннің қолына қарағайдың бүрін қыстырып қоямыз.

Сергіту сәті.

### 3. Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылап, балалардың жұмысына баға береді.

### 3. Қауіпсіз мінез-құлық

Тақырыбы: Тамақтану  
Мақсаты: азық-түлік сапасын оның түсіне, иісіне, пішініне қарай ажырата білуді үйрету.

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері.

### 2. Негізгі кезең

Балалардың назарын суретке аудару. «Олардың ішінде қайсысы саған

таным? Қандай азық-түліктерден дайындалған? Тағы қандай тағамдарды білесің?» деген сұрақтар қойылады.

Балалардың жауабы: ет асу, бауырсақ, қазы, шұжық, қымыз.

Дұрыс тамақтанбау дәруменнің жетіспеуіне әкеп соғады. Бұл жағдай бастың

- Бидайы қалай өсті?  
(Қимылмен көрсетеді)

- Шаруа қызылшаны қалай жинады?

(Қимылмен көрсетеді)

Ертегідегі шаруа, соқа, орман маңы сөздерінің мағынасын қайталау.

Оқылған ертегі мазмұны бойынша көмекші сұрақтар қоя отырып, 3-4 балаға ертегінің мазмұнын айтқызып қайталау.

Дәптермен жұмыс:

- Суретте қай ертегі бейнеленген?

- Шаруа аюға не деп тұр деп ойлайсың?

- Сурет бойынша ертегі мазмұнын оқиға

жүйесін сақтап баянда.

- Ертегідегі адам мен аюдың іс әрекетін салыстыр.

3. Қорытынды бөлім.  
Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.



<p>екінші жағына дейін қатарды бұзбай барып қайту.</p> <p>Әр оқушы өз қадам алысын өзгелермен келісуі керектігін ескерту.</p> <p><b>II. Гантельдермен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№1).</b></p> <p>Жүгірістен кейін тыныс алуын қалыпқа келтіреді. (1,5 минут) (У-шу жаттығулары кешенін орындайды)</p> <p>Баланың жоғары көтерген қолынан 20 см биіктікте ілулі тұрған затты (қоңырау) жүгіріп келіп секіріп алу (3 рет) .</p> <p>Аяқтың итерілу күші мен қолын айналдырып қозғалтуын түзете білуіне балалардың назарын аудару.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау – беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап (сүйем қадам жасап) жүріп өту. (4 рет)</p> <p>Жүрген кезде қолдарын түрлі сәйкес тәсілдермен ұстау ұсынылады.</p>	<p>– Тақтадағы суретке мұқият қараңдаршы, бұл не?</p> <p>– Түсі қандай? – Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі? Кәне, тыңдап көрейік. Педагог үстел үстіне саусақтарымен тысырлатып жаңбыр дыбысын бейнелейді.</p> <p>– Ой, жаңбыр құйып жауып кетті.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>– Жаңбыр жаумас бұрын, алдымен аспанда не пайда болады?</p> <p>– Олай болса қағаз бетіне алдымен бұлтты салып аламыз. Бұлт қоюланғанда түсі сұр болады. Енді жаңбыр тамшыларын қағазға былай түсіреміз (салу тәсілін көрсетеді). Үзік сызықтарды қылқаламның ұшымен сүйкей жағу тәсілімен немесе губканың бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы</p>	<p>жүрегімізге жеткізіп, көкейімізге түйіп алайық.</p> <p>Көзімізді ашайық. Рахмет.</p>	<p>ауруына, ұйқының нашарлауына, терінің құрғауына әсерін тигізеді.</p> <p>Балалардың күнделікті тағамында жеміс-жидектер, дәрумендер көп болуы тиіс.</p> <p>А дәрумені сәбіз бен алмада көп болады, ол көздің көруін жақсартады.</p> <p>Орамжапырақта С дәрумені көп, оның көмегімен тістерің мықты және әдемі қалпында сақталады. Салат жапырағында болатын В дәрумені ұйқыны жақсартып, көңіл күйді көтереді. Адам белгілі бір мөлшерде күніне 4 рет уақытылы тамақтану қажет.</p> <p><b>Әліппе-дәптермен жұмыс.</b></p> <p>Балалар дәптермен жұмыс істейді. 1. Тамақтану мәдениеті туралы ереже құра.</p> <p><b>«Сүйікті тағамым» ойыны.</b></p> <p>Шарты: балалардың қолдарында екі түсті жалауша болады. Педагог интерактивті тақтадан қолдана отырып, пайдалы тағамның атауын көрсетеді,</p>	<p>- Сендерге ертегі ұнады ма?</p> <p><b>3. Апликация</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Бұлттар.</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларға қолмен жырту әдісі арқылы бұлттың бейнесін құрап жасауға үйрету.</p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b></p> <p>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.</p> <p>Жұмбақ</p> <p><i>Көзі жасты-жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды.</i></p> <p>(Бұлт)</p> <p>– Ол не?</p> <p>– Балалар, естерінде болса, серуен кезінде бұлттарды бақыладық.</p> <p>– Бұлттар қайда болады?</p> <p>– Бұлттардың түсі қандай?</p> <p>– Бұлттар қозғала ма?</p> <p><b>2. Негізгі кезең</b></p> <p>– Балалар, сендер бұлт туралы жақсы жауап бердіңдер. Ал жаңбырдың жаууына бұлттардың әсер ететінін</p>
--	---	---	---	--



**Қимыл-қозғалыс ойыны:**  
**«Қаршығалар мен қарлығаштар».** (4 рет)  
Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-біріне арқаларын қаратып тұра қалады.  
Жүргізуші орталарында тұрады.  
Ұлдар командасы – «Қаршығалар», қыздар командасы – «Қарлығаштар».  
«Қаршығалар!» деп команда берілген кезде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.  
«Қарлығаштар!» деп команда берілген кезде қыздар ұлдарды ұстап алуға тырысады.  
Ұсталғандары қарсылас командаға өтеді.  
**Қорытынды кезең (рефлексия).**  
Ойын жаттығуы: «Еркін тыныс ал, көркем ойла! Бейнені көрсетіп қоймай, өз тандауының дұрыстығын дәлелдейді. Демін сыртқа шығарғанда, ойша бейнелер тудырады.

тамшы бейнесін түсіреді. Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындауға болады. Қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын қадағалайды.  
**Музыка әуенімен «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» деген қимылды ойын ойнатады.**  
Үйретілген жаңа әдістермен сурет салғызып, алған білімдері мен іскерліктерін бекітеді. Мұнда дақтарды біркелкі түсіруге дағдыландыру қажет.  
**3. Рефлексия**  
Педагог балаларды мадақтайды.  
Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады  
**4. Ертегілер әлемінде**

жасыл түсті, ал денсаулыққа зиян келтіретін тағам атауларын көрсетсе, қызыл түсті жалаушаларды көтерулері тиіс. Балалар ойынға кіріседі.  
– Бауырсақ. – Кола. – Алма. – Ет. – Спрайт т.б.  
2. Сүйікті тағамыңның суретін сал. Ол тағамның денсаулыққа қандай пайдасы бар?  
**3. Рефлексия.**  
Дәрігер Салауаттың кеңесі:  
• Тамақтанбас бұрын алдымен беті-қолыңды сабындап жу.  
• Үстел басында тұзу отыр.  
• Тамақтанып отырып, көп сөйлеме.  
• Тамақтанып болған соң, орындықты орнына қойып, рақмет айтуды ұмытпа  
**4. Логика**  
**Тақырыбы:** «Үздік логиктар»  
**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажырата отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген

білесіндер ме? Бүгін біз бұлттарды жапсырамыз. Педагог жырту әдісін түсіндіріп, жапсыру техникасын көрсетеді. Үлестірмелі материалдың 16-бетіндегі сюжетті суретке назар аудартады. Педагог жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі. Ақ қағазды ұсақтап жыртқызады.  
**Сергіту сәті.**  
– Ұсақтап жыртылған қағаздарды киыстырып 17-беттегі 6.1-сюжетті суретке жапсырамыз. Рефлексия.  
Педагог қорытындылап, балаларды мадақтайды.  
**4. Өнерлі екен он саусақ**  
**Тақырыбы:** Әтеш пен бақа  
**Мақсаты:** Балаларға түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін бастырып кию. Қағазбен жұмыс жасау



	«Мен – мықты арыстанмын!» «Мен – ең шатшаң қабыланмын!» «Мен – жүйрік жолбарыспын!» «Мен – қайсар қасқырмын!»	<b>Тақырыбы:</b> «Ата мен әжемде қонақта болғанда» <b>Мақсаты:</b> Шалқанды отырғызу кезінде айтылатын өлең шумағы арқылы балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.		қызығушылықтарын арттыру.	іскерлік дағдыларын қалыптастыру.
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Сөздік қорларын дамыту. <b>Еңбек:</b> Өз учаскемізді тазалау <b>Қимылды ойындар:</b> «Мысық пен тышқан» Балалардың өз	<b>Бақылау:</b> Жаңбырды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Табиғаттың «көңіл-күйі», жел, жаңбыр, суық екенін сезіндіру. <b>Еңбек:</b> Аула сыпырушының еңбегін бақылау, көмек беру. <b>Қимылды ойындар:</b> «Қарлығаш»	<b>Бақылау:</b> Ауа – райын бақылау. (күн салқын, ызғарлы жел, т.б) <b>Мақсаты:</b> Ауа – райының өзгешелігін сезіну, табиғат құбылысын меңгерту. <b>Еңбек:</b> Ағаштың бұтақтарын жинау. <b>Қимылды ойындар:</b>	<b>Бақылау:</b> Түскен жапырақтарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Күз мезгілі туралы білімдерін бекіту <b>Еңбек:</b> Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу, жапырақтарды жинау <b>Қимылды ойындар:</b> «Орамал тастау»	<b>Бақылау:</b> Түскен жапырақтарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Күз мезгілі туралы білімдерін бекіту <b>Еңбек:</b> Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу, жапырақтарды жинау <b>Қимылды ойындар:</b> «Орамал тастау»



	еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	«Өз жұбынды тап» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналарға балабақша ішілік іс-шараларға қатысуды айту	"Баламен демалыс күндерін қалай өткізесіз?" ата-аналармен әңгемелесу	Ата-аналарға балаларының жұмыстарын көрсету	Ересек топ балаларының ерекшеліктері жайлы ата-аналарға кеңес беру	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауды ескерту